

Электр энергетикасы саласын реформалаудың отандық тәжірибесі

Конуспаев Р., оқытушы (Өскемен, С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті)

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ел экономикасы энергосыйымды өндірісті дамытуға негізделуін жалғастырды. Сонымен бірге ұлттық шаруашылықты энергиямен қамтамасыз ету бірқатар жаңа мәселелермен ұштасты. Электр энергетикасында сақталған мемлекеттік монополия жаңа экономикалық жағдайда саланың тиімділігін қамтамасыз ете алмады. Мемлекет тарапынан қаржыландыру қысқарды, электр энергиясына баға өсті, ал салаға инвестициялар жетіспеді. Нәтижесінде негізгі өндірістік қорлардың жаңаруы ақырындады, ал олардың тозуы 1990 жылдардың ортасында (реформалаудың басында) 50 %-ға жетті.

Мемлекеттік монополия саланың жаңалануын қамтамасыз ете алмады, электр энергетикасы елдің экономикалық дамуының тежеуші факторына айналды, бұл реформаның қажеттілігін шарттады.

Осылайша мемлекет саланы қолдау, әсіресе дамыту міндетін тоқтатты. Электр энергетикасын жаңарту үшін жеке меншік капитал салымдары қажет болды. Алайда тәуелсіз инвесторлар ресурстарды тиімсіз шығыстайтын, олардың бақылауында емес, салғырт мемлекеттік монополияға қаражат салғылары келмеді.

Мемлекеттік саясаттың артықшылықты бағыты ел экономикасының әлемдік экономикаға интеграциясы болып қала бергендіктен қалыптасқан жағдай Қазақстан басшылығының жоспарларымен сәйкес келмеген еді, өйткені электр энергетикасындағы абсолюттік монополия инвестиция тартуға кедергі жасады. Шетелдік инвесторлар және халықаралық қаржылық ұйымдар Қазақстанға энергетиканы реформалауды ұсынды.

Нәтижесінде 1990 жылдардың ортасынан мемлекет саланың ырықтандыру қадамдарын бастады.

Реформаның нормативтік-құқықтық негізінің құрылуы ҚР Президентінің 1995 жылғы 23 ақпандағы № 27242 “Электр энергетикасы туралы” жарлығының шығуымен басталды. Заң күші бар жарлық мемлекет басқаруындағы энергетиканың бәсекелік бастаумен

қызмет ету қағидаларын бекітті. Жарлыққа сәйкес электр энергетикасындағы мемлекеттік басқару келесілерден құралды:

- электр энергиясын өндіру, беру және үлестіру салаларындағы қызмет ету, экспорттық-импорттық операцияларды лицензиялау;

- электр энергиясын үлестіру, соның ішінде тұтынушыларға жіберу;

- электр энергетикасы объектілерін монополиясыздандыру және жекелендіру;

- электр энергиясын өндіру, беру, үлестіру және тұтыну ережелерін бекіту және олардың орындалуын мемлекеттік қадағалау;

Жарлық саланың дамуының жаңа міндеттерін белгіледі, атап айтсақ, электр энергиясының реттелетін нарығын құру, сонымен қатар оны монополиясыздандыру және жекешелендіру. Сол уақытта құжатта саланы қайта реттеу бағыттары болған жоқ, өйткені электр энергиясындағы барлық барлық қызметтер табиғи монополиялар ретінде қарастырылды [1].

Саланы ырықтандыру бойынша нақты шаралар 1996 жылғы 30 мамырдағы № 663 Үкімет қаулысымен бекітілген “Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасында” жазылып, негізгі бағыттар айқындалды: электр энергетикасында бәсекелі секторды бөлу – электр энергиясын өндіруші кәсіпорындарды жекешелендіріп электр энергиясының бәсекелі нарығын құру. Осылайша, электр энергетикасының бүтіндей табиғи монополия саласына жатпайтыны мойындалды. Электр энергетикасының монополиясыздандыру туралы қағидалы шешімнің қабылдануы оның реформалануына бастау берді.

Табиғи монополияларды реттеу аясы “Табиғи монополиялар туралы” Қазақстан Республикасының 1998 жыл 7-ші шілдедегі № 272-1 Заңымен анықталған. Аталған заңның 4 бабына сәйкес қарастырылып отырған салаға байланысты монополия аясына электр энергиясын беру және (немесе) бөлу жөніндегі, электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер жатады.

Бәсекелі нарықтың ұйымдық құрылымы және оны құрудың әрекеттер жоспары 1997 жылы 31 шілдеде № 1113 Үкімет қаулысымен бекітілген “1997–2000 жылдарға электр энергиясы нарығын ары қарай дамыту бағдарламасында” жазылды. Нарықты құру үрдісі 3 кезенді қамтыды:

- Бірінші кезеңде (тамыз 1997–мамыр 1998 жж.) саланың жаңа құрылымы қалыптасты. Табиғи монополиялық және бәсекелік қызметтердің бөлінуі аяқталып, бәсекелі нарықтың инфрақұрылымы қалыптаса бастады. Бұл кезеңде нарықта солай деп аталатын “бір сатып алушы моделі” қалыптасты, мұнда мемлекеттік монополия электр энергиясын жекелеген жабдықтаушылардан көптеп сатып алып, тұтынушыларға қайта сатады.

- Екінші кезең (маусым 1998 жыл – желтоқсан 1998 жыл) үлестіру және электр энергиясын бөлшек өткізілу қызметтерінің ақырғы орталықсыздандырылуын (мемлекеттік меншіктегі қалған үлестіруші кәсіпорындарды мүлдіктік жалға беру арқылы), электр энергиясын сатудың бұрынғы жүйесін (“өтініш – фактілі төлем”) екіжақты келісімшарттар бойынша саудамен алмастыруды, жүйелік және нарықтық операторлар қызметін ұйымдық бөлуді қарастырды.

- Үшінші кезеңде (қаңтар 1999 жыл – желтоқсан 2000 жыл) толайым нарықта форвардтар және опциондармен сауданы дамыту, бөлшек нарықта диллерлік компаниялар мен тұтынушылар ассоциациясын құру, бөлшек нарықта бәсекені дамыту қарастырылды.

Алайда, шын мәнінде нарық дамуының аталған кезеңдері мен мерзімдері толық сақталған жоқ және реформа барысын түзетін және оның сызбасына қосымшалар енгізетін жаңа құжаттар қажет болды.

1999 жылғы 9 сәуірдегі № 384 Үкімет қаулысымен “Электр энергетикасының 2030 жылға дейінгі даму бағдарламасы” бекітілді. Бұл құжатта Қазақстан энергетикасының дамуының келешектегі мақсаттары анықталған. Реформаның келешектегі бағыттарын анықтауды бағдарлама көбінесе алдыңғы құжаттардың ережелерін қайталады. Сонымен бірге кейбір міндеттер нақтыланды немесе толықтырылды [2].

1990 жылдардың екінші жартысында қалыптасқан саладағы жаңа экономикалық қатынастар “Электр энергетикасы туралы” 1999 жылғы 16 шілдедегі № 438-1 Заңында заңдастырылды, бұл заң 1995 жылғы ескірген заң күші бар “Электр энергетикасы туралы” Жарлықты ауыстырды.

Заң жоғарыда аталған құжаттардың ережелерін нақтылап, оларға жоғарырақ құқықтық статус берді. 1995 жылғы “Электр энергетикасы туралы” Жарлық талаптарымен салыстырғанда мемлекеттік басқару шектелді:

- атқарушы билік органдарына кәсіпорындардың, соның ішінде табиғи монополиялар арасындағы, өндірістік – технологиялық қызметіне араласуға тыйым салынды;

- тарифтерді мемлекеттік реттеу табиғи монополиялардың тарифтерімен және электр энергиясын бөлшек тұтынушыларға жіберу тарифтерімен шектелді;

- мемлекеттік басқару аясынан электр энергиясын үлестіру үрдісі шығарылды [3].

- Алғаш рет заңдық деңгейде нарықты ұйымдастыру қағидалары, тұтынушылардың құқықтары және міндеттері, келісім-шарттық қатынастар сызбалары бекітілді. Мемлекеттік саясаттың өзгеруінің нәтижесі 1990 жылдардың екінші жартысында электр энергиясын өндіру және өткізу аясында жеке меншік сектор көбірек саланың жаңа құрылымының қалыптасуы болып табылады.

Алайда 2000 жылы нарық бұрынғысынша шектеулі сипатта болды: ол электр энергиясын екіжақты келісім-шарттар бойынша сату – сатып алу және электр қуаттылықтарының резервтер саудасымен шектелді. Нарық мәселелерінің сипаттамасы 2000 жылғы 20 сәуірдегі № 606 Үкімет қаулысымен бекітілген (18.02.2004 жылғы № 190 ҚР Үкімет қаулысымен енгізілген өзгерістерімен) “Қазақстан Республикасындағы электр энергиясы және қуаттылықтардың толайым нарығын жетілдіру тұжырымдамасында” берілген. Тұжырымдамаға сәйкес электр энергиясы нарығының кемшіліктеріне мыналар жатады:

- нарық субъектілері қатынастарын реттейтін нормативтік – құқықтық базаның дамымағандығы;

- электр энергиясы және қуаттылықтармен мерзімді, сонымен қатар күнделікті спот және баланстық саудалар нарығының қазіргі теникалық және ақпараттық қамтамасыз етілуінің жетілмегендігі;

- нақты уақыт режиміне жақын режимде электр энергиясы мен қуаттылықтар өндірісі және тұтынуы теңестірудің айқын нарықтық механизмнің болмауы.

Осыдан келіп, тұжырымдамада нарықтың ары – қарай даму мақсаттары анықталды:

- спот-нарық және балансталған нарық шеңберінде электр энергиясымен көп жақты сауда механизмін құру;

- бөсекенің ары қарай дамуы;
- электр энергиясының сапасын, сонымен қатар Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесінің сенімділігін және басқарымдылығын жоғарылату.

Сол кезеңде нормативтік база “Электр энергетикасы туралы” Заңға сәйкестендірілді және заңға сәйкес актілер пайда болды:

- 2000 жылы 7 желтоқсанда № 1822 Үкімет қаулысымен “Электр энергиясын пайдалану ережелері”, “Жылу энергиясын пайдалану ережелері”, “Коммуналдық қызметтер көрсету ережелері” бекітілді;

- энергетика министрлігінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы № 314 бұйрығымен “Электр жүйелік ережелер” қабылданды;

- Қазақстан Республикасы энергетика және минералды ресурстар министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 27 тамыздағы № 197 бұйрығымен “Қазақстан Республикасындағы электр энергиясының толайым нарығының ұйымдастырылу және қызмет ету ережелері” қабылданды;

- Қазақстан Республикасы энергетика және минералды ресурстар министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі № 212 бұйрығымен “Қазақстан Республикасындағы электр энергиясымен орталықтандырылған сауданың ұйымдастырылу және қызмет ету ережелері” бекітілді.

Саланың құқықтық реттелуінің дамуының қазіргі кезеңі 2004 жылғы 18 ақпандағы № 190 Үкімет қаулысымен қабылданған “Қазақстан Республикасы электр энергетикасындағы нарықтық қатынастардың ары қарай даму тұжырымдамасы” бейнелейді. Оның ережелерін жүзеге асыруды 09.07.2004 жылы қабылданған № 588 – 11 “Электр энергетикасы туралы” Қазақстан Республикасының Заңы қамтамасыз етеді, ол:

- электр энергетикасының қызмет етуінің нарықтық қағидаларын анықтайды, жаңа ұғымдар мен анықтамалар енгізеді;

- электр энергиясының бөсекелі бөлшек нарығын құруды, қызмет түрлері бойынша қайта құрылымдауды қарастыратын өтпелі ережелерді бекітеді;

- бөлшек нарықта энергиямен қамтамасыз ету және өткізу қызметін бөсекелі ортаға ауыстырады, бөлшек нарықтағы соңғы тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу құқығы үшін жабдықтаушылар арасындағы бөсекеге алғышарттар жасайды;

- электр энергиясының толайым нарық құрылымының дамуын қарастырады, мұндағы

негізгі нарық саралынымы - электр энергиясын сату – сатып алудың екі жақты мәмілелерінің орталықсыздандырылған нарығы - электр энергиясымен сауданың орталықтандырылған нарықтарымен (спот-сауда), нақты уақыт режиміндегі балансталған нарықпен, жүйелі және көмекші қызметтер нарығымен толығыады;

- электр энергетикасы саласының ары қарай монополиясыздандырылуын қарастырады (жылу және гидравликалық генерацияны сату, барлық аймақтық электр желілік компанияларды, үлестіруші электр желілік компанияларды жеке меншік секторға сату, сонымен қатар “KEGOK” компаниясына “жүйелік оператор” құқығын беру жолымен)[4].

Қазіргі кезде саланың нақты жағдайын және бар қуаттылықтарды жаңғыртуға және жаңаларды дамытуға қажеттіліктерді ескере отыра 1999 жылғы 9 сәуірде бекітілген № 384 ҚР Үкіметі қаулысымен бекітілген электр энергетикасының 2030 жылға дейінгі бағдарламасы Қазақстан халқына мемлекет басшысының жыл сайынғы 2005-2007 жылдардағы жолдауларын жүзеге асыру бойынша негізгі бағыттардың жалпыұлттық жоспарын және 2007 жылғы 20 сәуірдегі № 319 ҚР Үкіметі қаулысымен бекітілген 2007-2009 жылдарға ҚР Үкіметі бағдарламасын орындау бойынша шаралар жоспарына сәйкес түзетілді.

2006 жылғы 22 мамырда Энергетика және минералды ресурстар министрлігі бұйрығымен бекітілген ҚР 2010 жылға дейін және келешекте 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған біртұтас электр энергетикалық жүйесінің дамуының салалық бағдарламасы ҚР Президентінің тапсырмасымен жобалық ұйымдарды, “KEGOK” АҚ және басқа да энергетикалық кәсіпорындардың, сонымен қатар облыс әкімшіліктерінің қатысуымен түзетілді.

ҚР Премьер-министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы № 147-р үкімімен ҚР электр энергетикасы саласының дамуы бойынша 2007-2015 жылдарға арналған шаралар жоспары бекітілді. Аталған жоспарға сәйкес 2015 жылға дейінгі электр энергиясы балансы, қайта құруға, жаңғыртуға және кеңейтуге жататын, сонымен қатар әрбір объекті бойынша құрылыс көлемі мен қарастырылған мерзімінің көрсетуімен жаңа энергетикалық объектілер тізімі бекітіліп, электр энергетикасы саласының инвестициялық тартымдылығын жоғарылату бойынша шаралар жүргізу қарастырылған.

Электр энергетикасын дамытудың жалпы стратегиясы елдің энергетикалық тәуелсіздігі

мен энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ары қарай тұрақты экономикалық өсу үшін сенімді энергетикалық база құруға бағытталған.

Жоғарыда аталған түзетулер кезінде электр энергиясын тұтынудың болжамды өсуінің жоғары қарқыны және электр тұтынудың қарастырылған өсу қарқынына сәйкес жүктемелердің өсуі ескеріліп, саланың мәселелі сұрақтары анықталып, энергетикалық кәсіпорындардың жағдайы қарастырылды.

Электр энергетикасын мемлекеттік реттеуді реформалаудың ерекше бағыты реттеуші органдардың қайта ұйымдастырылуы болды. 1995 жылға дейін сала энергетика және оның ресурстары министрлігімен оған бағынатын тігінен интеграцияланған біртұтас мемлекеттік компания “Казэнерго” арқылы басқарылды. “Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласының басқару құрылымын қайта ұйымдастыру туралы” 28.07.1995 жылғы № 1033 қаулысымен біртұтас мемлекеттік монополия негізінде энергетика министрлігімен басқарылатын 11 Республикалық мемлекеттік кәсіпорын құрылды.

“Электр энергетикасы туралы” 23.12.95 жылы Президент Жарлығы мемлекеттік басқару өкілеттіліктерін екі органға бөлді: “Электр энергетикасын басқару бойынша орталық атқарушы орган” (энергетика министрлігі, оған электр энергетикасындағы лицензиялау, мемлекеттік электр энергетикалық бағдарламаны жүзеге асыру, салада біртұтас ғылыми-техникалық жүргізу өкілеттіліктері берілді), және “Мемлекеттік реттеуші комиссия”, оның өкілеттілігіне нарықтық механизмдерді реттеу, яғни, тұтынушылар мүдделерін қорғау, салада бөсекелі орта құру, толайым нарыққа электр энергиясын өндіруші кез-келген өндірушінің тең қол жетімдігі, электр энергиясына бағаларды реттеу енді.

“Электр энергетикасы туралы” 1999 жылғы Заң өкілеттіліктерді мамандандырылған үш орган ортасында үлестіріп, саланы реттеу схемасын өзгертті:

- Реттеуші орган саладағы бағаларды реттеумен айналысады (табиғи монополияларды реттеу, бөсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау Агенттігі);

- “Мемлекеттік энергетикалық қадағалау” (энергетика министрлігі жанындағы мемлекеттік энергетикалық қадағалау бойынша комитет, оның міндеттеріне техникалық талаптардың, лицензияланатын қызмет түрлері талаптарының орындалуын бақылау, электр жә-

нежылу энергиясын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылау енді;

- Өкілетті орган (энергетика министрлігі) электр энергетикасындағы мемлекет өкілеттілігі аясына енетін қалған қызметтерді атқарады.

Осылайша, саладағы тарифтерді реттеу және бөсекелестік қатынастарды Реттеу қызметтері бөлінді.

“Электр энергетикасы туралы” 09.07.04 жылғы Заң аталған үш реттеуші органның арасындағы өкілеттіліктер бөлінісін өзгеріссіз қалдырып, сол арқылы саланы монополиясыздандыру, электр энергиясының бөсекелік нарығын жетілдіру және кеңейту бағыттарын нығайтты.

1990 жылдардың бірінші жартысында Қазақстанның электр энергетикасы біртұтас тігінен – интеграцияланған мемлекеттік монополия түрінде болды. Саланың мұндай құрылымы 1996 жылға дейін бірқатар ұйымдық сипаттағы өзгерістер мен жекелеген активтердің жекелендірілуіне қарамастан қағидалы түрде өзгерген жоқ.

Электр энергетикасындағы құрылымның және меншік қатынастарының рационалды реформасы жоғарыда аталғандай, 1996 жылы “Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасының” қабылдануымен басталды, оның ережелерін жүзеге асыру, ары қарай құқықтық даму алып, табиғи монополиялық және бөсекелік сфераның қалыптасуына әкелді.

Қазақстан заңдары табиғи монополиялар аясына мыналарды жатқызады:

- электр энергиясын тасымалдау, соның ішінде:

1) Магистральді желілер бойынша жіберу; ол аралық станциялар және басқа да инфрақұрылыммен бірге құрылған “KEGOC” АҚ біріккен. KEGOC (*Kazakhstan Electricity Grid Operating Company*) 1996 жылы № 1188 Үкімет қаулысымен 100 % мемлекет қатысуымен құрылған.

2) Электр энергиясын төмен вольтты желілер (110 кв және одан төмен) бойынша үлестіру, олар үлестіруші электрожелілік компаниялар бақылауына берілген. Үлестіруші электрожелілік компаниялар 1996 жылдың аяғында №1188 Үкімет қаулысымен акционерлік қоғам формасында құрылған және кейіннен олардың едәуір бөлігі жекешелендірілді немесе мемлекеттік емес құрылымдарға басқаруға берілді.

- Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесінің жедел диспетчерлік басқару қызметтері, оларды KEGOC АҚ құрамында біртұтас энергетикалық жүйенің орталық диспетчерлік басқармасы жүзеге асырады[5].

Сонымен қатар мемлекет заңмен табиғи монополиялар аясына жатқызылмаған саланың бірқатар сфераларында монополиялық бақылауын сақтап отыр. Мысалы, нарық операторы – ЭҚИҚО (КОРЭМ) мемлекет иелігінде. ЭҚИҚО (электр энергиясы және қуаттылықтар нарығының қазақстандық операторы) 2000 жылғы 20 сәуірде № 606 үкімет қаулысымен 100 % мемлекет меншігіндегі акционерлік қоғам ретінде құрылды. 2004 жылғы 18 ақпандағы № 190 үкімет қаулысына сәйкес ЭҚИҚО АҚ электр энергиясымен сауданың орталықтандырылған нарығы операторы ретінде тағайындалды.

Үлестіруші желілер жекелеген территориялар шегінде жергілікті табиғи монополиялар болып табылады. Біртұтас мемлекеттік құрылым бастауына біріккен магистральді желілерден ерекшелігі оларға бақылау орталықсыздандырылған: олар басқа да қызмет желілерімен айналысатын (бөлшек нарықта электр энергиясын өткізу және толайым нарықта сатып алу) үлестіруші электрожелілік компаниялар иелігінде. Сонымен қатар кейбір үлестіруші электрожелілік компаниялар өндіруші кәсіпорндармен аффилирленген.

Еліміздегі электр энергиясының бәсекелі секторының ерекшелігі (электр энергиясын өндіру және сату, көбінесе толайым нарықта) бәсекелік қызмет аяларына мемлекеттік араласу заңды түрде шектелген. Мысалы, бағалар үкімет органдарымен емес нарықпен бекітіледі) ал мемлекет бұл сферада бәсекені ынталадырады. Қазіргі заңдар бөлшек өткізуді табиғи монополиялардың иеліктеріне жатқызбағанына қарамастан “Электр энергетикасы туралы” Заңға сәйкес бөлшек тұтынушылар үшін жіберу тарифтері мемлекеттік ретуге жатады.

“Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасына” сәйкес электр энергиясының жабдықтаушылары мен тұтынушыларына екіжақты келісім-шарттардың бәсекелі толайым нарығы және электр қуаты резервтері нарығы 1997-1999 жылдар аталған бағдарламаларға, сонымен қатар “Электр энергиясы нарығының 1997-2000 жылдарға ары қарай даму бағдарламасына және 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588 – II “Электр энергетикасы туралы” Заңына сәйкес қалыптасты.

2000 жылдан нарықтың биржалық саралынымы құрылуда, оның нормативті негізі ретінде жоғарыда аталған құжаттар болды Қазақстанның қазіргі электр энергиясы нарығы “Электр энергетикасы туралы” Заңға сәйкес толайым және бөлшек деңгейден тұрады. Толайым

нарық – республика үшін біртұтас. Бөлшек нарық жекелеген аймақтық және жергілікті нарықтарға бөлінген. Сонымен қатар электр энергиясы айналымының бір бөлігі нарықтардан тыс трансферттік бағалармен өтеді, өйткені атап айтсақ өнеркәсіп холдингтері құрамына енеді.

Электр энергиясымен еркін сауда қағидалары көбіне толайым нарықта жұмыс істейді. Толайым нарыққа жіберілген электр энергиясының сатып алушылары жабдықтаушылар еркін таңдап, олармен келісім – шарттар жасап, делдалдарды айналып өте алады. Электр энергиясының бағалары, заңға сәйкес, мемлекеттік реттеуге жатпайды. Толайым нарықта сатып алынған электр энергиясын беру тарифтері және диспетчерлеуге жекелеген тариф мемлекетпен бекітіледі.

Толайым нарыққа жіберу шарттары техникалық талаптарды орындаудан, жүзеге асырылатын қызмет түріне лицензияның болуынан, электр энергиясының минималды тұтыну немесе жабдықтау деңгейіне сәйкестігінен құралады.

Толайым нарық қатысушыларына мыналар жатады:

- тәулігіне 5 мвт-тан кем емес тұтыну қауаттылығы бар тұтынушылар;
- 5 мвт-тан кем емес қуаттылық беруді қамтамасыз ете алатын электр энергиясымен жабдықтаушылар;
- электр энергиясын импорттайтын немесе экспорттайтын шекаралас мемлекеттердің энергокомпаниялары;
- үлестіруші электрожелілік компаниялар;
- сауда-делдалдық компаниялар (трейдерлер).

2004 жылдың басында ашық толайым нарықта электр энергиясымен сауданың жалпы көлемінің 40 % -ға жуығы жасалды, бұл электр энергетикасының ырықтандырылуы жүргізілетін дамыған елдердің ұқсас көрсеткіштеріне жақын. Бәсекелі нарықтың мұндай салмақты үлесі бұрынғы КСРО республикалары және Шығыс Европа елдері арасындағы еркін нарыққа білікті тұтынушыларды жіберудің ең төмен көрсеткішімен қамтамасыз етіледі.

2004 жылдың ақпан айында қабылданған “Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастардың ары қарай дамуы тұжырымдамасымен” электр энергиясының толайым нарығының келесі негізгі саралынымдары қалыптастырылған:

- электр энергиясының орталықсыздандырылған сауда нарығы;

- электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы;

- “нақты уақыт” режиміндегі баланстаушы нарық;

- жүйелі және көмекші қызметтер нарығы.

Бүгінгі күнге дейін толайым нарық айналымының көп бөлігі орталықсыздандырылған сауданың үлесінде, олар электр энергиясын тұтынушылар мен жабдықтаушылар арасында тура жасалатын екіжақты мерзімді келісім – шарттар негізінде жүзеге асады.

Екіжақты мерзімді келісім – шарттардан ерекшелігі 2002 жылдың ақпанынан бастап, орталықтандырылған саудада, сауда көпжақты негізде (биржалық қағида) жүргізіледі. Жүргізілетін орталықтандырылған саудаға қатысу ерікті сипатта жүзеге асады.

2004 жылдың басында орталықтандырылған саудада шын мәнінде “бір күн ерте” саудалары ғана болды, алайда ЭҚИҚО электр энергиясымен орталықтандырылған сауда нарығының операторы болып тағайындалғаннан кейін (Энергетика және минералды ресурстар министрінің 04.03.04 ж. № 54 бұйрығы), оған сонымен қатар орта – (апта, ай) және ұзақ мерзімді (тоқсан, жыл) орталықтандырылған сауданы, сонымен бірге электр энергиясын операциялық тәулік ағымында (күндізгі нарық) жеткізуді қарастыратын операцияларды дамыту қызметтері берілді.

Операторы ретінде KEGOC тағайындалған баланстау нарығы нақты уақыт режимінде сауданы қарастырады. Бұл нарықтың мақсаты – сағаттың диспетчерлік кестеге енгізілген электр энергиясын өндіру мен тұтынудың фактілі және келісім – шарттық шамаларының арасындағы теңсіздіктерді ең жоғары жеделдікпен жою. Нарықтың бұл саралымында спот – нарықта қажеттілікке ие болмаған қуаттылықтарды жедел өткізу жүргізіледі.

Қолма – қол электр энергиясымен сауданың құқықтық негізі қалыптасқанымен, Қазақстан электр энергетикасы нақты уақытта жақындатылған режимде кең масштабты саудаға әлі техникалық толық дайын емес, өйткені бұл саланың инфрақұрылымын да, нарықтың өзін де жаңғыртуды талап етеді: энергетикалық жүйені басқару және бақылаудың жетілген жүйесі, соның ішінде, қазіргі заманғы телекоммуникациялық жүйелерді бақылаушы және реттуші құрал-жабдықты қажет етеді.

Биржалық нарықта дамыту да дәл солай ақпарат алмасуды және нарық қатысушыларының жағдайға дереу жауабын жеңілдететін трансакцияларды жеделдететін, түптеп келген-

де қашықтық (интернет арқылы) сауда жүргізуді енгізу есебінен көпжақты сауда қатысушылар шеңберін кеңейтеді. Мемлекет бұл міндеттің бір бөлігін өзіне алды: оның бақылауындағы сала секторы мемлекеттік бюджет кепілдігімен “KEGOC” компаниясымен жүргізілетін “Ұлттық электр желісін жаңғырту” бағдарламасы шеңберінде қайта жабдықталды. Алайда қолма-қол электр энергиясымен сауданың және биржалық нарықтың дамуы сонымен қатар жеке меншіктегі инфрақұрылымды да жаңғыртуды талап етеді.

Толайым нарықта келісім – шарттардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша маңызды қызметтерді мемлекеттік монополиялар орындайды. Электр энергиясын жабдықтаушыдан тұтынушыға тасымалдау бойынша қызметтердің көп бөлігін “KEGOC” жүйелік операторы жүзеге асырады, сонымен бірге “KEGOC” ұлттық электр желісінің инфрақұрылымына толайым нарықтың барлық қатысушыларына тең қол жетімділік қамтамасыз етуі керек.

2004 жылы қабылданған “Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды ары қарай дамыту тұжырымдамасы” “KEGOC” және “ЭҚИҚО” қызметтерін қайта үлестіруді қарастырады. ЭҚИҚО көлемі әлі өсетін орталықтандырылған сауданы ұйымдастырумен айналысады. Ал “KEGOC” және оған бағынатын құрылымдар бұрынғы жүйелік операторлар жүйелік оператор міндеттерімен қатар бірнеше жаңа қызметтер орындайтын болды, атап айтсақ, электр энергиясын өндіру мен тұтынудың фактілі балансын және тәуліктік кестесін құру, жүйелі және көмекші нарықпен, нақты уақыт режимінде баланстау нарығын ұйымдастыру және басқару. Тұжырымдама өкілеттіліктердің мұндай бөлінуін бекітетін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді қарастырады.

Нарықтың келесі деңгейі электр энергиясының бөлшек нарығы болып табылады. Бөлшек нарықта электр энергиясын өткізумен келесілер айналысады:

- үлестіруші электрожелілік компаниялар және олардың құрылымдық бөлімшелері;
- жергілікті маңызы бар электростанциялар, олардың бір бөлігі үлестіруші электрожелілік компаниялармен аффилирленген жеке меншік делдалдар (трейдерлер);
- коммуналдық меншікке берілген коммуналдық қызметтер және қуаттылық өндірушілер әдетте, олар жергілікті қажеттіліктер үшін электр және жылу энергиясын біріктірген[6].

Бөлшек нарықта сатылатын электр энергиясының бір бөлігі делдалдармен толайым нарықта сатып алынады.

Жоғарыда аталғандай, Қазақстан электр энергетикасында көптеген бөлшек нарықтарда монополиялық жағдайын сақтаған тігінен интеграцияланған компаниялар әлі де қызмет етеді. Бұл нарықтарды мемлекеттік реттеу монополистердің қиянаттарына тосқауыл бола алмай отыр: үлестіруші электрожелілік компаниялардың бағаларды жоғарылатуы, желілерге жергілікті өндірушілер мен тұтынушылардың қол жетімділігін шектеу, берілген территорияда бәсекелік қауаттылықтарды енгізуге кедергі жасау жағдайлары белгілі.

Мемлекеттің бөлшек тарифтерді ұстауына қарамастан жергілікті нарықтарда электр энергиясы (тасымалдау шығыстары ескерілген жағдайда) толайым нарықтағыдан екі есе қымбат бағамен сатылууда. Мұндай жағдай бөлек саудамен үлестіруші электрожелілік компанияларды реформалауды қажет етеді.

Жүргізілген реформаларға байланысты соңғы жылдар Қазақстан электр энергетикасында бірқатар жағымды беталыстар байқалады:

- Соңғы тұтынушылар үшін электр энергиясының бағалары төмендеді және 1999 жылғы наурыздағы ұлттық валютаның девальвациясына және отын және теміржол тасымалдау тасымалдау құнының өсуіне қарамастан төмен деңгейде тұрақтады. Реформалау нәтижесінде пайда болған электр энергиясының толайым нарығында ТМД және Еуропамен салыстырғанда төменірек бағалар қалыптасты: 1 квт/сағатқа 1,3 АҚШ центі.

- Энергиямен қамтамасыз ету сенімділігі жоғарылады: ток жиілігі тұрақтандарылды, электр қуаттылықтарының резервтер нарығы құрылды, бұл болжанбаған жағдайларда энергетикалық жүйенің сенімділігін арттырады.

- Төлем тәртібі едәуір жоғарылап, саладағы ақшалай емес есептесулер көлемі қысқарды.

Электр энергетикасын реформалау нәтижесінде елдің кейбір экономикалық мәселелері шешілді, атап айтсақ, саланы мемлекеттік бюджеттен субсидиялаудан бас тарту, электр энергиясының көпжақты құнын бейнелейтін нарықтық бағаларды қалыптастыру, бұл экономиканың басқа салаларының қызметтері мен тауарларына баға теңдігін бекітуге әсер етті. Сонымен қатар, бұл Қазақстанның ішкі нарығы мен сыртқы экспорт бағалары арасындағы диспропорцияны теңестірді, бұл Қазақстан эко-

номикасының әлемдік экономикаға интеграциялануына көмектесті.

Сонымен бірге, электр энергетикасының көптеген мәселелері шешілімін тапқан жоқ, оларға мыналар жатады:

- Негізгі қорлардың тозуының ұлғаюы тоқтатылған жоқ, яғни, электр энергиясының өсіп келе жатқан тұтынуын және құрал-жабдыққа жүктемелердің өсуін ескерсек, энергожүйелердің жұмысында тоқтаулар тәуекелділігі жоғарылайды.

- Саланың инфрақұрылымы техникалық тұрғыда қазіргі талаптардан қалыс қалды (құрал-жабдықтардың 40–50% – 20 жылдан жоғары пайдаланылууда), бұл электр энергиясының қолма-қол нарығының дамуын тежейді. Жағдайатқа жедел жауап беруге қабілетті нарықтың дамуындағы оған қоса энергетикалық жүйенің жұмысын арық қарай ынталандыруға кедергі жасайды.

- Бөлшек нарықтардың көпшілігінде монополизм сақталып отыр.

- Электр энергиясы нарығына коммерциялық және техникалық тәуекелділіктерді өтеудің тиімді механизмдері жетіспейді (сақтандыру, құқықтық шектеулер).

- Масштабтары азайса да салада төлемешіліктер мен есептеулердің ақшалай емес формалары сақталып отыр. Бұл сатып алушылардың бір бөлігінің төмен төлемқабілеттілігінен, көпшілігінде электр энергиясы үшін өткен жылғы қарыздардың сақталуымен байланысты.

Әдебиет

1. “Электр энергетикасы туралы” 1995 жылғы 23 ақпандағы № 27242 ҚР Президентінің жарлығы.
2. “Электр энергетикасының 2030 жылға дейінгі даму бағдарламасы” 1999 жылғы 9 сәуірдегі № 384 Үкімет қаулысымен бекітілген.
3. “Электр энергетикасы туралы” 1999 жылғы 16 шілдедегі № 438-1 Қазақстан Республикасының Заңы.
4. “Электр энергетикасы туралы” 09.07.2004 жылы қабылданған № 588 – 11 Қазақстан Республикасының Заңы.
5. “Табиғи монополиялар туралы” 1998 жыл 7-і шілдедегі № 272-1 Қазақстан Республикасының Заңы.
6. “Қазақстан Республикасы электр энергетикасындағы нарықтық қатынастардың ары қарай даму тұжырымдамасы” 2004 жылғы 18 ақпандағы № 190 Үкімет қаулысымен қабылданған.